ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
СУ РЕСУРСТАРЫ
ЖӘНЕ ИРРИГАЦИЯ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
ВОДНЫХ РЕСУРСОВ И
ИРРИГАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

№ 348-НҚ
Астана қаласы

ПРИКАЗ

202 6 «28» 10
город Астана

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің 2027–2029 жылдарға арналған Біліктілік пен дағдылар жүйесін дамытудың салалық жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік – процестік кодексінің 42 – бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі С.М. Жұманғариннің 2026 жылғы 7 шілдедегі № 16-14/3634 тапсырмасын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің 2027–2029 жылдарға арналған біліктілік пен дағдылар жүйесін дамытудың салалық жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Ғылым және инновациялар департаменті (бұдан әрі – Департамент):

1) Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру бойынша Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын үйлестіруді;

2) Жоспардың іске асырылуына жылына екі рет мониторинг жүргізуді, іс-шаралардың орындалу барысы туралы ақпаратты жинауды және қорытуды, сондай-ақ тиісті ақпаратты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары өздеріне бекітілген іс-шараларға сәйкес Жоспар іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін және олардың іске асырылу барысы туралы ақпаратты Департаментке уақтылы ұсынсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және таратуға жатады.

Министр **Н. Нұржігітов**

001600

«КЕЛІСІЛДІ» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Бірінші вице-министрі _____Е. Тұяқбаев «___» _____ 2026 ж.	«КЕЛІСІЛДІ» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім вице-министрі _____ Г. Көбенова «___» _____ 2026 ж.	«КЕЛІСІЛДІ» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту вице-министрі Ж. Шарабасов «___» _____ 2026 ж.

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация министрінің
20<u>6</u> жылғы «<u>28</u>» <u>10</u> №<u>348-ҚБ</u>
бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің
2027–2029 жылдарға арналған
Біліктілік пен дағдылар жүйесін дамытудың
САЛАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

1-бөлім. Жоспардың паспорты

Атауы	Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің 2027–2029 жылдарға арналған біліктілік пен дағдылар жүйесін дамытудың Салалық жоспары
Жауапты мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі
Бірлесіп орындаушылар	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ (келісім бойынша), «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша), кәсіптік біліктіліктер жөніндегі салалық кеңес, су шаруашылығы ұйымдары және білім беру ұйымдары (келісім бойынша)
Мақсат	Салалық біліктілік жүйесін дамыту, сұранысқа ие дағдыларды қалыптастыру, еңбек нарығы, білім беру жүйесі және жұмыс берушілер арасындағы өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыру арқылы саланы білікті кадрлармен қамтамасыз ету
Негізгі міндеттер	1. 2029 жылға қарай сала кәсіптерін кәсіби стандарттармен толық қамту; 2. кәсіби стандарттардың белгіленген қайта қарау мерзімдерінде сәйкес өзектілігін қамтамасыз ету; 3. саланың жаңа және трансформацияланатын мамандықтарын біліктілік жүйесіне енгізу; 4. білім беру бағдарламаларының кәсіби стандарттар талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету; 5. сала жұмысшыларының қайта даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды, және біліктіліктерін танытуды дамыту;
Іске асыру мерзімдері	2027–2029 жж.
Күтілетін нәтижелер	- кадрларға деген қажеттілік, оларды даярлау және жұмысқа орналастыру арасындағы өзара байланыстың қамтамасыз етілуі; - саланың болжамды қажеттілігіне сәйкес саланың барлық мамандықтардың кәсіби стандарттармен қамтамасыз етілуі;

	- трансформацияланатын және жаңа мамандықтарды қамти отырып, салалық біліктілік шеңберлерінің әзірленуі және (немесе) өзектендірілуі; - бөлінетін мемлекеттік білім беру тапсырысы көлемінің саланың кадрларға деген қажеттілігінің болжамына сәйкестігінің қамтамасыз етілуі; - білім беру бағдарламаларының кәсіби стандарттар талаптарына сәйкестігінің қамтамасыз етілуі; - цифрлық құзыреттер мен жасанды интеллект саласындағы дағдыларды ескере отырып, кадрлардың даярлануы; - су шаруашылығы мамандықтары бойынша кәсіби біліктіліктерді таныту орталықтарының құрылуы; - түлектердің жұмысқа орналасуы және кадрлардың салада тұрақтауының қамтамасыз етілуі.

2-бөлім. Саланың ағымдағы жай-күйін талдау

Қазақстан Республикасы азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою елдің ұзақ мерзімді Даму стратегиясының басты басымдықтарының бірі болып табылады. Авариялар, дүлей зілзалалар мен апаттар кезіндегі іс-қимылдарға дайындық деңгейіне азаматтардың өмірі, денсаулығы мен әл-ауқаты, әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымның әрі қарай дамуы, мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі тәуелді.

Қазіргі уақытта республикада 13 366 гидротехникалық құрылысжай пайдаланылуда. Сонымен қатар, жалпы ұзындығы шамамен 45 мың км болатын 8 577 суару каналы жұмыс істейді, оның ішінде 35 485 км (79%) топырақ арнасында орналасқан және тек 9 515 км-де (21%) бетон қаптамасы бар.

Гидротехникалық құрылысжайлардың жалпы санынан 1 395-і тұрақты зерттеп-қарауды талап ететін тірек құрылысжайларға жатады. Су шаруашылығы жүйелерінің іс жүзіндегі тозуы республика бойынша орташа есеппен 70 %-дан асады, объектілердің едәуір бөлігі 30-дан 50 жылға дейін күрделі жөндеусіз және реконструкциялаусыз пайдаланылуда. Жыл сайынғы көзбен шолып зерттеу нәтижелері бойынша 547 құрылысжай жөндеуді талап етеді.

«Қазсушар» ШЖҚ РМК теңгерімінде жалпы ұзындығы 13 935 км болатын, жалпы 1,3 млн тұрғыны бар 607 ауылдық елді мекенді ауызсумен қамтамасыз ететін 39 топтық су құбыры бар.

СРИМ мамандарының жалпы штаттық саны, ведомстволық бағынысты ұйымдарын қоскқанда (Су шаруашылығы комитеті, Су ресурстарын қорғау мен пайдалануды реттеу комитеті, бассейндік су инспекциялары, Ұлттық гидрогеологиялық қызмет, Су ресурстарының ақпараттық-талдау орталығы, Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты), шамамен 1 000 адамды құрайды.

Сонымен қатар, СРИМ ведомстволық бағынысты «Қазсушар» ШЖҚ РМК-да штаттық жұмысшылар саны – 10 501 адам, іс жүзіндегі саны – 9 892 (оның ішінде

123 жұмысшы – орталық аппаратта) құрайды. 2021 жылмен салыстырғанда жұмысшылар саны 3 426 адамға өскен, яғни салада кадрлар санының тұрақты түрде өсіп жатқанын көрсетеді.

Қазіргі уақытта саладағы кадрларға қажеттілік 1 792 бос жұмыс орнын құрайды. Сұраныс құрылымында жұмысшы және техникалық мамандықтар басым: мәлімделген бос жұмыс орындардың 79 %-ы соларға тиесілі, ал инженерлік бейіндегі мамандықтардың үлесі шамамен 6 %.

Кадрлық салдарлар. Инфрақұрылымның жай-күйі персоналдың біліктілігіне қойылатын талаптарды айқындайды: тозу деңгейі 70 %-дан асатын жағдайда 1 395 тірек құрылысжайды пайдалану гидротехникалық құрылысжайларды зерттеуді, жөндеуді және пайдалануды жүзеге асыратын жұмысшылардың тиісті біліктілігін талап етеді. Біліктілікке қойылатын талаптар нақты айқындалмай тұрып, жұмысшылар санының жылдам өсуі біліктілік талаптары мен кадрлардың нақты даярлық деңгейі арасында алшақтықтың туындауына әкеледі.

Бұл алшақтық іс-қимылдар жоспарының 1, 2 және 7-бағыттары шеңберінде жойылады. Топтық су құбырларын пайдалану саланың кейбір мамандықтарын елді мекендерді сумен жабдықтау саласымен түйісетін бағытқа жатқызады, осыған байланысты олардың аражігін нақты ажырату қажет.

3-бөлім. Салалық біліктілік жүйесінің дамуын талдау

2024 жылы СРИМ жанынан су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру және ирригация саласындағы кәсіптік біліктіліктер жөніндегі СК (салалық кеңес) құрылды. Отырыстарда СК құрамын өзектендіру, кәсіби стандарттарды әзірлеу және өзектендіру, кәсіби стандарттар негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларының мониторингі, сондай-ақ біліктіліктерді тану жүйесін дамыту жөніндегі ұсыныстар мәселелері қаралады.

«Кәсіптік біліктіліктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес, СБШ (салалық біліктілік шеңберін) әзірлеу және (немесе) өзектендіру уәкілетті орган айқындаған тәртіппен салалық мемлекеттік органдармен жүзеге асырылады және оны СК бекітеді.

2019 жылы «Су шаруашылығы» СБШ әзірленді. Кейіннен, 2026 жылы «Су шаруашылығы» СБШ өзектендіріліп, СК хаттамасымен қайта бекітілді.

Кәсіби стандарттарды әзірлеуді және (немесе) өзектендіруді ҰКЖ және СБШ (салалық біліктілік шеңбері) негізінде салалық мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Кәсіби стандарттарды әзірлеу мен өзектендірудің 2026 жылға арналған жоспарында 9 кәсіби стандартты (КС) әзірлеу және 6 кәсіби стандартты өзектендіру көзделген. Әзірлеу жұмыстарына жұмыс берушілер бірлестіктері (ассоциациялары) мен білім беру саласы өкілдерінің қатарынан білікті сарапшылар тартылады.

Жұмыс орындарын түгендеу (инвентаризациялау) нәтижелері бойынша қалыптастырылған салалық мамандықтар тізбесі 24 кәсіби позицияны қамтиды. Оның ішінде 23 позиция су шаруашылығының кәсіби стандарттарымен сипатталуға тиіс, ал бір позиция (инженер-метролог) салааралық болып табылады және басқа салалық мемлекеттік органның кәсіби стандартымен сипатталады.

Қолданыстағы кәсіби стандарттармен 9 кәсіби позиция қамтылған. 2026 жылға арналған кәсіби стандарттарды (КС) әзірлеу және өзектендіру жоспарының орындалуын ескере отырып, 2027 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қамту көрсеткіші 12 позицияны құрайды. Есептік базаның он бір позициясы әлі де қамтылмаған, оның ішінде су беруді есепке алу, бөлу және диспетчерлік басқару, топтық су құбырлары мен су дайындау станцияларын пайдалану, гидротораптардың гидромеханикалық және электротехникалық жабдықтарын пайдалану салаларына қатысты мамандықтар кіреді.

Жерасты су объектілері су қорының құрамына кіреді, осыған байланысты жерасты суларын зерттеу және пайдалану жөніндегі мамандықтар су шаруашылығы саласына жатады және салалық біліктілік шеңберінде жеке кәсіби топ ретінде сипатталуға тиіс.

2027–2029 жылдардағы кәсіби стандарттарды әзірлеу негізінен сала персоналының негізгі бөлігі шоғырланған жұмысшы және техникалық мамандықтарға бағытталған.

Сонымен қатар, мамандықтар тізілімінде міндетті және ерікті негіздегіні қоса алғанда 74 мамандық бар. Сонымен бірге, бүгінгі таңда су шаруашылығында қолданыстағы кәсіби біліктілікті таныту орталықтары жоқ, соның салдарынан сала жұмыскерлерінің белгіленген тәртіппен біліктілігін растауға мүмкіндігі шектеулі.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген Мамандықтар тізілімін қалыптастыру, өзектендіру және жүргізу қағидаларының 8-тармағына сәйкес кәсіби стандарт болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес белгіленген біліктілік талаптары болған кезде мамандықты тізілімге енгізуге жол берілетінін ескеру қажет. Осындай ереже Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 18 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Біліктілік бағдарламаларын әзірлеу және бекіту қағидаларының, сондай-ақ оларға қойылатын талаптардың 4-тармағында да бар, ал Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 9 қыркүйектегі № 381 бұйрығымен бекітілген Кәсіби біліктілікті тану орталықтарын аккредиттеу, аккредиттеу туралы куәліктің қолданылуын қайта рәсімдеу, кері қайтарып алу, қайта бастау және тоқтату қағидаларының, сондай-ақ аккредиттеуден кейінгі шарттың үлгілік нысаны мен талаптарының 6-тармағында аккредиттеу шарты ретінде мамандықтың мамандықтар тізілімінде болуы белгіленген. Біліктілік талаптарының көзі ретінде БТБА (Бәріне ортақ тарифтік-біліктілік анықтамалығы) және БА (Біліктілік анықтамалығы) алынады.

Кадрлық салдарлар. Су шаруашылығы саласында мамандықтар тізілімін қалыптастыру, тану орталықтарын аккредиттеу және біліктілікті тану рәсімдерін бастау кәсіби стандарттарды әзірлеу толық аяқталғанға дейін, қолданыстағы біліктілік талаптары негізінде мүмкін болады. Бұл дәйектілік Іс-қимылдар жоспарының 7-бағытында көзделген және кәсіби стандарттармен қамтудағы алшақтық толық жойылғанға дейін нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Кәсіби стандарттармен қамтудағы алшақтықты жою 2-бағыт, ал салалық біліктілік шеңберін өзектендіру 3-бағыт шеңберінде қамтамасыз етіледі.

4-бөлім. Кадрлар даярлау жүйесін талдау

Қазіргі уақытта су шаруашылығы саласы үшін кадрлар даярлау 13 жоғары оқу орнында (ЖО) және 10 колледжде жүзеге асырылуда. Жоғары оқу орындарында су мамандықтары бойынша шамамен 3 мың студент, ал техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру (ТжКОББ) ұйымдарында 1 282 адам білім алуда. Салыстырмалы түрде айтсақ, 2023 жылы кадрлар даярлау 9 ЖО-да және 6 колледжде жүргізілген, яғни үш жыл ішінде білім беру ұйымдарының желісі айтарлықтай кеңейді.

Кадрлар даярлау 42 білім беру бағдарламасы бойынша жүргізіледі: оның ішінде 22 бакалавриат бағдарламасы, 16 магистратура бағдарламасы және техникалық және кәсіптік білім берудің 4 мамандығы бар. Колледждерге қабылдау көрсеткіші артып келеді: екінші курстағы 371 адаммен салыстырғанда, бірінші курстың контингенті 667 адамды құрайды.

Су саласының мамандықтары бойынша оқуға түсетін талапкерлерге арналған мемлекеттік гранттардың саны айтарлықтай өсті: 2023–2024 оқу жылындағы 262 гранттан 2024–2025 оқу жылында 390-ға дейін, ал 2025–2026 оқу жылында 1 000 грантқа дейін көбейді. Сонымен қатар, бөлінген гранттар көлемі толық игерілмей отыр: 2025–2026 оқу жылында 900 грант игерілмей қалған. Бұл кадрлар даярлаудағы негізгі шектеу оқу орындарының саны емес, саланың талапкерлер үшін тартымдылығы төмен болуы екенін білдіреді.

Сонымен қатар, «Қазсушар» РМК кәсіпорындарында өндірістік тәжірибеден өтетін студенттер саны артып келеді. 2025 жылы тәжірибеден 470 студент өтсе, биыл бұл көрсеткіш 700-ден астам студентті құрады. Солтүстік Қытай электр энергетикасы университеті, Венгриядағы Корвинус және Обуда университеттері, сондай-ақ Өзбекстандағы Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механизациялау инженерлері институтымен қос дипломды білім беру бағдарламалары іске асырылуда.

Мамандарды даярлау су ресурстары, гидротехникалық құрылысжай, мелиорация, гидрология, экология, автоматтандыру және инфрақұрылымды басқару салаларына қатысты бағыттар бойынша жүзеге асырылуда. Сонымен бірге білім беру бағдарламаларын білім беру ұйымдары ортақ салалық негізінсіз әзірлеген: бірдей бағыттар бірнеше білім беру ұйымында әртүрлі атаулармен жүзеге асырылуда, ал жекелеген бағдарламалардың шифрлары көрсетілмеген, бұл оларды кәсіби стандарттармен және ҰЖЖ-мен (Ұлттық жұмыспен қамту жіктеуіші) салыстыруды қиындатады.

Су шаруашылығы саласына арналған кадрларды даярлау жүйесі су шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғыртуға, су ресурстарын басқаруды цифрландыруға, су үнемдеу технологияларын енгізуге және суды тиімді пайдалануға қойылатын талаптарды арттыруға байланысты саланың трансформациясын ескеруі қажет.

Пәнаралық құзыреттерді қалыптастыру аса маңызды факторға айналуда. Қазіргі заманғы гидротехник немесе су ресурстарының менеджері құрылысжайларды жобалауды түсініп қана қоймай, экологиялық менеджмент, климатология, су шаруашылығы экономикасы, үлкен деректерді (Big Data) өңдеу және технологиялық процестерді автоматтандыру саласында да білімі болуы керек. Озық ғылыми зерттеулерді білім беру бағдарламаларына интеграциялау жаһандық климаттық сын-қатерлерге жедел жауап беруге қабілетті кадрларды даярлауға мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламаларын су шаруашылығының заманауи талаптарына сай өзектендіру, практикаға бағытталған және дуальды оқытуды кеңейту, кадрлар даярлауға жұмыс берушілердің қатысуын қамтамасыз ету, сондай-ақ мамандарды даярлау бағдарламаларына цифрлық және технологиялық құзыреттерді енгізу басым бағыттарға айналуға тиіс.

Негізгі нәтиже: кадрлар даярлау тек қолданыстағы мамандықтар бойынша емес, су шаруашылығының нақты ағымдағы және перспективалық қажеттіліктеріне сәйкес жүзеге асырылуы керек.

5-бөлім. 2027–2029 жылдарға арналған іс-қимыл жоспары

№ п/п	Іс-шара атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімдері	Жауапты орындаушылар
1-бағыт. Саланың кадр қажеттілігін болжау				
1	Су шаруашылығының кадрларға, біліктіліктерге және дағдыларға деген ағымдағы және перспективалық қажеттілігін айқындау	Талдамалы ақпарат	Қаңтар айы, жыл сайын	СРИМ, ЕХӘҚМ (келісім бойынша), ҒЖБМ (келісім бойынша), ОАМ (келісім бойынша), ЖАО (келісім бойынша)
2	Кәсіби біліктіліктерді тану саласындағы еңбек нарығының қажеттілігін қалыптастыру	ЕХӘҚМ-ге хат; ҰБЖ цифрлық платформасында орналастырылған қажеттілік	Жыл сайын, 20 қаңтардан кешіктірмей	СРИМ, ЖАО (келісім бойынша), ЕХӘҚМ (келісім бойынша)
3	Су шаруашылығы ұйымдарының жұмыс орындарын лауазым атауларын ҰЖЖ, БТБА-мен және БА-мен байланыстыра отырып, түгендеу (инвентаризациялау) жүргізу (су шаруашылығы ұйымдары санынан: 2027 ж. – 60 %, 2028 ж. – 100 %)	Бірыңғай нысан бойынша жұмыс орындарының жиынтық тізбесі	2027 жылғы қазан, әрі қарай жыл сайын өзектендіру	СРИМ, ШЖҚ «Қазсушар» РМК, «Қазгидрогеолоия» КеАҚ, «АТО» КеАҚ, «ҚазСШҒЗО» ЖШС
4	Су шаруашылығының жаңа және трансформацияланатын	ЕХӘҚМ-не ұсыныс хат	Қажеттілік болған кезде, жыл сайын	СРИМ, СК, ЕХӘҚМ (келісім бойынша)

№ п/п	Іс-шара атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімдері	Жауапты орындаушылар
	мамандықтарын анықтау және ҰКЖ-ге енгізу үшін ұсыныстар қалыптастыру (2027 ж. – 2, 2028 ж. – 2, 2029 ж. – 2)			
5	Су шаруашылығындағы жұмыспен қамтудың салалық бейнесін (картасын) өзектендіру, соның ішінде Электрондық еңбек биржасында мамандық таңдау шектеулерін алып тастау (2027 ж. – 1)	Өзектендірілген салалық жұмыспен қамту бейнесі (картасы)	2027ж. 1 тоқсаны	СРИМ, ЕХӘҚМ (келісім бойынша)
2-бағыт. Кәсіби стандарттарды әзірлеу және өзектендіру				
6	Жаңа мамандықтар атласын, цифрлық трансформацияны және жасанды интеллектінің ықпалын ескере отырып айқындалған жаңа мамандықтар бойынша Кәсіби стандарттарды әзірлеу және өзектендіру Жоспарына енгізу бойынша ұсыныстар қалыптастыру (2027 ж. – 1, 2028 ж. – 1, 2029 ж. – 1)	Кәсіптік біліктіліктер жөніндегі ұлттық кеңеске СК-мен (салалық кеңеспен) келісілген хат	Жыл сайын, 1 желтоқсанға дейін	СРИМ, СК, салалық қауымдастықтар (келісім бойынша)
7	Уәкілетті органға Кәсіби стандарттарды әзірлеу және өзектендіру жоспарына ұсыныстар жолдау	ЕХӘҚМ-не хат	Жыл сайын 1 қаңтарға дейін	СРИМ
8	Су шаруашылығының жаңа кәсіби стандарттарын әзірлеу (2027 ж. – 1, 2028 ж. – 1, 2029 ж. – 1)	КС бекіту бойынша СРИМ бұйрығы, КС реестрде орналастыру	Жыл сайын 4 тоқсан	СРИМ, СК, ЕХӘҚМ (келісім бойынша)
9	Қолданыстағы су шаруашылығы кәсіби стандарттарын белгіленген қайта қарау мерзімдерінде өзектендіру (қайта қарау мерзімі келіп жеткен стандарттардың 100 %-ы)	Өзектендірілген КС бекіту бойынша СРИМ бұйрықтары	Жыл сайын 4 тоқсан (қажеттілік болған жағдайда)	СРИМ, СК
10	Кәсіби стандарттарды әзірлеуге арналған техникалық тапсырмаларға цифрлық құзыреттер мен жасанды интеллект	Мемлекеттік сатып алуға техникалық тапсырмалар	Жыл сайын	СРИМ

№ п/п	Іс-шара атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімдері	Жауапты орындаушылар
	саласындағы құзыреттерге қойылатын талаптарды енгізу мүмкіндіктерін қарастыру (техникалық тапсырмалардың 100 %-ы)			
11	Кәсіби стандарттарды әзірлеу мен өзектендіру жоспарының орындалуына және су шаруашылығы мамандықтарының кәсіби стандарттармен қамтылуына мониторинг жүргізу (есептік базаның 23 позициясынан қамтылған мамандықтар саны: 2027 ж. – 18, 2028 ж. – 21, 2029 ж. – 23)	ЕХӘҚМ-не хат	Тоқсан сайын	СРИМ
3-бағыт. Біліктіліктің салалық шеңберлерін әзірлеу және өзектендіру				
12	Перспективалық жұмыспен қамту құрылымын, жаңа және трансформацияланатын мамандықтарды, саланың технологиялық және цифрлық трансформациясын ескере отырып, соның ішінде жерасты сулары бойынша жеке кәсіби топты қалыптастыра отырып, «Су шаруашылығы» СБШ-ні (салалық біліктілік шеңберін) өзектендіру (2027 ж. – 1, 2029 ж. – 1)	Career Enbek СБШ жариялау	2027ж. қыркуйек айы; 2029ж. қыркүйек айы	СРИМ, СК
13	СБШ (салалық біліктілік шеңбері) құрамында ҰЖЖ-н және білім беру жіктеуіштерін жаңарту бойынша ұсынымдар қалыптастыру	СБШ-нің (салалық біліктілік шеңберінің) «Қорытындылар мен ұсыныстар» бөлімі	2027ж; 2029ж.	СРИМ, СК
4-бағыт. Кәсіптік біліктіліктер жөніндегі салалық кеңестердің қызметін дамыту				
14	Кәсіпорындардан, салалық қауымдастықтардан, жұмыс берушілер мен білім беру ұйымдарынан сала сарапшыларын тарта отырып, СК құрамының сапасын қамтамасыз ету	СРИМ бұйрығы	Жыл сайын, ақпан айы	СРИМ, салалық қауымдастықтар (келісім бойынша)

№ п/п	Іс-шара атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімдері	Жауапты орындаушылар
	(құрамды жаңарту: жыл сайын – 1)			
15	Отырыстарды Ұлттық біліктілік жүйесінің қағидаларында белгіленген мерзімдерге байланыстыра отырып, СК-нің жыл сайынғы жұмыс жоспарын бекіту (жыл сайын – 1)	СК хаттамасы, СК бекітілген жұмыс жоспары	Жыл сайын, қаңтар айы	СРИМ, СК
16	Салалық кеңестердің қызметіне кешенді шолу және талдау жүргізу	Ақпараттық-талдау материалдары	Жарты жылда 1 рет	СРИМ, ЕХӘҚМ (келісім бойынша)
5-бағыт. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында кадрлар даярлау				
17	Саланың кадрға деген болжамды қажеттілігіне сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемін бөлу бойынша ҒЖБМ мен ЖАО-ға ұсыныстар қалыптастыру	Мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі бойынша ұсыныстар (негіздеме)	Жыл сайын, ақпан айы	СРИМ, ЕХӘҚМ (келісім бойынша)
18	ЖЖОБҰ және ТжКОББ білім беру бағдарламаларының су шаруашылығының кәсіби стандарттарына сәйкестігін талдау	Талдамалы ақпарат	Жыл сайын, тамыз айы	СРИМ, ҒЖБМ (келісім бойынша), ОАМ (келісім бойынша), ЕХӘҚМ (келісім бойынша)
19	Кәсіби стандарттар талаптары негізінде ТжКОББ білім беру бағдарламаларын өзектендіру (ББ тізіліміне енгізілген су шаруашылығы білім беру бағдарламаларының санынан: 2027 ж. – 40 %, 2028 ж. – 70 %, 2029 ж. – 90 %)	ББ тізіліміне (Білім беру бағдарламаларының тізіліміне) енгізілген білім беру бағдарламалары	Жыл сайын, тамыз айы	ОАМ (келісім бойынша), СРИМ
20	Кәсіби стандарттар талаптары негізінде ЖЖОБҰ білім беру бағдарламаларын өзектендіру (ББ тізіліміне енгізілген су шаруашылығы білім беру бағдарламаларының санынан: 2027 ж. – 40 %,	ББ тізіліміне (Білім беру бағдарламаларының тізіліміне) енгізілген білім беру бағдарламалары	Жыл сайын, тамыз айы	ҒЖБМ (келісім бойынша), СРИМ

№ п/п	Іс-шара атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімдері	Жауапты орындаушылар
	2028 ж. – 70 %, 2029 ж. – 90 %)			
21	Су шаруашылығы білім беру бағдарламаларына цифрлық құзыреттер мен жасанды интеллект саласындағы құзыреттерді енгізу (ББ тізіліміне енгізілген су шаруашылығы білім беру бағдарламаларының санынан: 2027 ж. – 20 %, 2028 ж. – 40 %, 2029 ж. – 60 %)	ББ тізіліміне (Білім беру бағдарламаларының тізіліміне) енгізілген білім беру бағдарламалары	Жыл сайын, тамыз айы	ҒЖБМ (келісім бойынша), ОАМ (келісім бойынша); СРИМ
22	Су шаруашылығы бөлігінде кадрлар даярлау бағыттарының ҰЖЖ бойынша жұмыспен қамтуға сәйкестік кестесін өзектендіру (2027 ж. – 1)	ҒЖБМ және ОАМ ұсыныстар	2027 ж.	СРИМ, ҒЖБМ (келісім бойынша), ОАМ (келісім бойынша);
23	Білім алушылардың су шаруашылығы кәсіпорындарында өндірістік тәжірибеден өтуін ұйымдастыру (2027 ж. – 700, 2028 ж. – 800, 2029 ж. – 900 адам)	Меморандумдар, есептік ақпарат	Жыл сайын, қыркүйек айы	СРИМ, салалық ұйымдар және білім беру ұйымдары (келісім бойынша)
24	Бөлінген мемлекеттік білім беру тапсырысының игерілуін арттыру жөніндегі шараларды іске асыру, соның ішінде су шаруашылығы ұйымдары орналасқан өңірлерде кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу (мемлекеттік білім беру тапсырысының бөлінген көлемінен игерілуі: 2027 ж. – 85 %, 2028 ж. – 90 %, 2029 ж. – 95 %)	Есептік ақпарат	Жыл сайын, қыркүйек айы	СРИМ, ОАМ, салалық ұйымдар (келісім бойынша)
6-бағыт. Кадрларды қайта даярлау және қызметкерлердің біліктілігін арттыру				
25	Саланың жыл сайын қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан өтуге тиіс жұмыскерлерінің санын айқындау әдіснамасын әзірлеуді қамтамасыз ету,	СРИМ бұйрығымен бекітілген әдіснама	2027ж. желтоқсан	СРИМ, ЕХӘҚМ

№ п/п	Іс-шара атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімдері	Жауапты орындаушылар
	соның ішінде алынған білімнің сапасын бақылауды қамтамасыз ету (2027 ж. – 1)			
26	Цифрландыруды және жасанды интеллектіні енгізуді ескере отырып, сала жұмыскерлерін қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру (2027 ж. – 500, 2028 ж. – 500, 2029 ж. – 500 адам)	ЕХӘҚМ-не есептік ақпарат	Жыл сайын, желтоқсан айы	СРИМ, салалық кәсіпорындар және білім беру ұйымдары (келісім бойынша)
27	Трансшекаралық су объектілерін пайдалану және қорғау жөніндегі келіссөздер топтары мүшелерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру (жыл сайын – 5 адам)	Есептік ақпарат	Жыл сайын, желтоқсан айы	СРИМ
28	Салалық оқыту курстарын әзірлеу және Skills Enbek платформасында орналастыру (2028 ж. – 1, 2029 ж. – 1)	Skills Enbek платформасында жарияланған курстар	2028 ж. желтоқсан айы; 2029ж. желтоқсан айы	СРИМ, ЕХӘҚМ (келісім бойынша)
7-бағыт. Кәсіби біліктілікті тану жүйесін дамыту				
29	Саланың жаңа және трансформацияланатын мамандықтары мен болжамды қажеттілікті ескере отырып, мамандықтар тізілімін қалыптастыру және өзектендіру үшін ұсыныстар енгізу (өспелі жиынтықпен: 2027 ж. – 25, 2028 ж. – 40, 2029 ж. – 55 мамандық)	СК-мен (салалық кеңеспен) келісілген және ЕХӘҚМ-ге жолданған мамандықтар тізбесі	Жыл сайын, 1 ақпан және 1 желтоқсан айларына дейін	СРИМ, СК; ЕХӘҚМ (келісім бойынша)
30	Кәсіби біліктіліктер жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында қарау үшін кәсіби біліктіліктерді тану шарттары бойынша ұсыныстар енгізу	ЕХӘҚМ-не хат, СК хаттамасы	Жыл сайын	СРИМ, СК
31	Су шаруашылығы мамандықтары бойынша кәсіби біліктілікті тану орталықтарын құруға және аккредиттеуге жәрдемдесу	Аккредиттеу аттестаты, ҰБЖ цифрлық платформасындағы мәліметтер	2028-2029 жж.	СРИМ, СК, «Атамекен» ҰКП (келісім бойынша)

№ п/п	Іс-шара атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімдері	Жауапты орындаушылар
	(өспелі жиынтықпен: 2028 ж. – 1, 2029 ж. – 2)			
32	Мамандықтар тізіліміне енгізілген су шаруашылығы мамандықтары бойынша біліктілік бағдарламаларын әзірлеу және бекіту (өспелі жиынтықпен: 2028 ж. – 5, 2029 ж. – 15)	ҰБЖ цифрлық платформасында орналастырылған біліктілік бағдарламалары	2028-2029 жж.	Тану орталықтары (келісім бойынша), СРИМ (Сумин), СК
33	Су шаруашылығы жұмыскерлерінің кәсіби біліктіліктерін тануды ұйымдастыру, соның ішінде биржолғы ваучерлерді қолдану арқылы (2029 ж. – 100 адам)	Есептік ақпарат	2029ж. жетоқсан айы	СРИМ, СК, ЕХӘҚМ (келісім бойынша)
8-бағыт. Түлектерді жұмысқа орналастыру				
34	ЖЖОБҰ және ТжКОББ су мамандықтары бойынша түлектердің жұмысқа орналасуына жәрдемдесу (су мамандықтары бойынша түлектер санынан жұмысқа орналасқандардың үлесі: 2027 ж. – 78 %, 2028 ж. – 79 %, 2029 ж. – 80 %)	Талдамалы ақпарат	Жыл сайын, қыркүйек айы	СРИМ, ЕХӘҚ (келісім бойынша), ОАМ (келісім бойынша), ҒЖБМ (келісім бойынша) ЖАО (келісім бойынша)
35	Су шаруашылығы ұйымдарындағы су мамандықтары бойынша ЖЖОБҰ және ТжКОББ ұйымдары түлектерінің жұмысқа орналасуына мониторинг жүргізу	Талдамалы ақпарат	Жыл сайын, қыркүйек айы	СРИМ, ЕХӘҚ (келісім бойынша), ОАМ (келісім бойынша), ҒЖБМ (келісім бойынша), «ЕРДО» АҚ (келісім бойынша)
9-бағыт. Су шаруашылығы кадрларын жұмыс орындарымен қамтамасыз ету				
36	Өңірлер мен мамандықтар бөлінісінде жаңа жұмыс орындарын құратын су шаруашылығының инвестициялық және өндірістік жобаларының тізілімін қалыптастыру және жүргізу	Инвестициялық жобалар тізілімі	Жыл сайын, желтоқсан айы	СРИМ, ЖАО (келісім бойынша)
37	Су шаруашылығы ұйымдары мен білім беру ұйымдары арасында кадрларды даярлау және жұмысқа орналастыру	Меморанудмдар	Жыл сайын, желтоқсан айы	СРИМ, ҒЖБМ (келісім бойынша), ОАМ (келісім бойынша), саланың

№ п/п	Іс-шара атауы	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімдері	Жауапты орындаушылар
	туралы меморандумдар жасасу (өспелі жиынтықпен: 2027 ж. – 5, 2028 ж. – 10, 2029 ж. – 15)			мекемелері (келісім бойынша)
38	Әлеуметтік қолдау шаралары мен ведомстволық стипендияларды қоса алғанда, су шаруашылығында кадрларды бекіту (тұрақтандыру) жөніндегі шараларды іске асыру	Есептік ақпарат	Жыл сайын, желтоқсан айы	СРИМ, ЖАО, саланың мекемелері (келісім бойынша)

Ескертулер:
Қырқартылған сөздер:

СРИМ – Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі
ЕХӘҚМ – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
ОМ – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
ӨҚМ – Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
ЖАО – жергілікті атқарушы органдар
«ЕРДО» АҚ – «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ
«Қазсушар» РМК – Қазақстан Респбликасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қазсушар» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны
«Қазгидрогеология» КеАҚ – «Қазгидрогеология» Ұлттық гидрогеологиялық қызметі» коммерциалық емес акционерлік қоғамы;
«АТО» КеАҚ – «Су ресурстары ақпараттық талдау орталығы» коммерциалық емес акционерлік қоғамы;
«ҚазСШҒЗО» ЖШС – «Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестік;
ҰБЖ – Ұлттық біліктілік жүйесі
ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері
СБШ – салалық біліктілік шеңбері
СК – кәсіптік біліктіліктер жөніндегі салалық кеңес
ҰЖЖ – Ұлттық жұмыспен қамту жіктеуіші
КС – кәсіби стандарт
ББ – білім беру бағдарламалары
ЖЖОБҰ – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары
ТжКОББ – Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру
ГҚ – гидротехникалық құрылысжайлар
БТБА – Жұмыстар мен жұмысшы мамандықтарының Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы

БА – Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы

ТКХ – Тарифтік-біліктілік сипаттамалары

ТКХД – Лауазымдардың тарифтік-біліктілік сипаттамалары